

Однако процесс формирования единого экономического пространства идет медленно и нелегко. На интеграционные процессы оказывает негативное влияние неравенство стран в обеспечении природными ресурсами, производственным потенциалом.

Политика в нашем государстве меняется постепенно шаг за шагом и меняется все же в правильном направлении. И одно из самых сложных направлений в этой политике - взаимоотношения с нашим ближним зарубежьем, с государствами.

1. "Единое экономическое пространство — следующий шаг", Коммерсант №44, 20 Юг;
2. Проблемы формирования единого экономического пространства в ЦАЭС, Бизнес идеи без начального капитала, 2009;
3. I Астанинский экономический форум, Евразийский экономический клуб ученых.

УДК 338.439.62

АӨК КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мүтәліпқызы Б.

Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ аграрлық-техникалық университеті

Қазіргі еліміздегі кәсіпорындардың бәсекелестік қабілетін әр түрлі аспектіде алып қарау керек. Экономикалық тұрғыдан айтатын болсақ, кейбір кәсіпорындар өзі өндірген өнімдерін қайта өңдеуден өткізіп, әрі қарай тұтынушыларға жеткенше өздері қадағалаған шаруашылықтар өз еңбектерінің нәтижесін көріп жатыр десек, артық емес.

Сондықтан ауылшаруашылық өнімдерін өндірумен қатар, кәсіпорын қармағындағы әр түрлі қайта өңдеу мекемелері өз цехтарын дамыта отырып, олардың қазіргі нарық жағдайындағы бәсекелестікті жандандыру мүмкіндігін орынды пайдалануға әрекет жасауы керек [1].

Яғни, қайта өңдеу цехтары бар ауылшаруашылық кәсіпорындары, әдетте нарық жағдайына жақсы бейімделеді. Олар өнім нарығындағы бәсекелестік ортаны кеңейте отырып, ірі-ірі қайта өңдеу кәсіпорындарының монополиялық, басқындық қызметін тізгіндеуге мүмкіндік туғызады. Соның арқасында жалпы агроөнеркәсіптік кешен экономикалық механизмге пайдалы жағынан әсер етеді.

Әрине, бәсекелестік қабілеті жоғары және экономикалық тұрғыдан пайдалы шаруашылықтар құру, өз тарапынан олардың параметрлерін негіздеу бағытында ерекше талаптар қояды. Мысалы, пайдаланылатын жер көлемі, мал басы, жұмысшылар саны және негізгі қорлар арасында белгілі бір үйлесім сақталуға тиіс.

Аталған құрылымдық элементтер арасындағы дұрыс сандық қатынастар, әсіресе ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының алғашқы тұрақтану сатысында аса қажет. Шағын қайта өңдеу өндірістері мен сауда орындары кәсіпорынның шаруашылық қызметіне оң әсерін тигізеді. Ал оларды дамыту кезінде мына жағдайларды ескеру қажет:

- ♦ кәсіпорында қосымша өндірістік салалар бойынша жоғары білікті мамандар даярлау;
- ♦ өнімдердің сапасын стандарттау және оларды сатумен айналысатын арнайы қызмет орындарын құру;
- ♦ қызмет орындарының жұмыс нәтижелеріне арнайы қаржылық бақылау қоятын және есепке алатын жүйе қалыптастыру.

Сондықтан кәсіпорын қармағындағы сауда орындары мен қайта өңдеу өндірістерінен оң нәтиже күтуге болмайды. Сонымен қатар, қандай да болмасын кәсіпорындардың шаруашылық қызметін тиімді жүргізу үшін қазіргі нарықтық басқару жүйесінің мән-мағынасын, оның ерекшеліктерін жақсы түсіну, оларды кәсіпорынның күнделікті қызметін ескеру қажет.

Қазіргі АӨК - індегі басқару жүйесінде орын алып отырған кемшіліктерді жою бағытында қажетті жұмыстарды ұйымдастыру керек болады:

- еліміздегі атқарылып келе жатқан қолданыстағы басқару жүйесінде басқарудың экономикалық тәсілдерін өз дәрежесінде, толығымен пайдалана алмай жүрген кейбір жекеленген басқару звеноларының соңғы нәтижеге деген материалдық ынталылығы байқалмай келеді;
- кейбір жұмыс істеп отырған кәсіпорындарда қолданыстағы басқару жүйесі ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өңдеу, сату арасында баяғыдан қалыптасқан әдеттері күні бүгінге дейін жүргізіліп жатқан басқару жүйесінде әлі қолдануда. Осыған орын алмасудағы тепе-теңсіздік, салалар арасындағы үйлесімділік, тағы басқа түсініксіз әдеттер толық сақталғандықтан, басқару жүйесіне қазіргі қалыптасып келе жатқан экономикалық ахуалға байланысты баламалы өзгерістер енгізе алуы өте қиынға соғады;

- нарықтағы қолданып отырған жүйе ауыл шаруашылығы өнімдерін сатуда жаңа нарыққа төтеп беретін, мемлекеттік балама арналарын іздестіруге бағытталмаған, ол қалыптасып келе жатқан нарық жағдайында (конъюнктура), сатып алушылардың қажеттілігіне алдын-ала болжау жүргізуді ойластырмайды;

- еліміздегі заң талабына сәйкес салық және нарықтың даму жолдарындағы қозғалыстары ҚР Статистика агенттігінің мәліметтерін іс жүзінде пайдаланбайды;

- кейбір басқару органдарындағы қызметкерлер ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, қайта өңдеу, сақтау, тасымалдау және сату жұмыстарын қамтитын нарықты нашар қадағалайтындығы, оның қалыптасуын зерттемейтіндігі болып отыр.

Осының бәрін айтта бірін айт, қазіргі нарықтан байқап отырғанымыздай, өндірісті әртараптандыру мәселесін өз дәрежесінде шешу жоғарыда келтірілген кемшіліктерді жоюға мүмкіндік береді, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының бәсекелестік қабілетін жоғарылатады, олардың нарық жағдайында өзгеріп отыратын сыртқы бәсекелестік ортаға бейімдеуін күшейтетіні анық.

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға аграрлық өндірісті тұрақты дамыту мәселелері аса маңызды екені байқалады. Бұл мәселелер ғалымдармен қатар, ауыл тұрғындарын да ойландырмай қоймайды. Оған республикамыздың барлық саналы (ойшыл) азаматтары тиісінше көңіл бөлулері керек. Өндірістің дамуына әсер ететін факторларды анықтап, олардың ішіндегі ең негізгілерін тиімді пайдалануды ұйымдастыру ғылыми қызметкерлердің де, өндірісте жүрген ауыл азаматтарының да елімізге деген ең басты борышы десек, артық емес.

Қазақстанның аграрлық реформаның алғашқы жылдарында ауыл шаруашылығындағы қосымша өнімнің біршама бөлігі дұрыс ойластырылмаған баға, салық және несиелер жүйесі арқылы экономиканың басқа салаларына қайта бөлініп кеткені белгілі. Яғни, осы қателігімізді бірнеше жылдардан соң өмір өзі көрсеткен күні мойындағанымыз анық.

Сондықтан ауыл шаруашылығы дағдырысқа түсті, енді қазір нарықтағы кейбір қиыншылықтардан өткеннен кейін есімізді жинап, өз алашақтарын жинастыруға кірісті. Осы дағдырыстың басқа да себептері болады. Мысалы, ауыл шаруашылығына мемлекеттік қолдау қаржыландырудың қысқаруы, басқа салалар өнімдері мен мал шаруашылығы өнімдері арасындағы баға теңсіздігі, шаруашылықтар ұйымдастыру нысандарын анықтаудағы кемшіліктер, тағы басқа толып жатқан жағдайларды айтуға болады. Демек, ендігі жерде осыған байланысты және ауыл шаруашылығында оң өзгерістер соңғы екі-үш жылда орын ала бастағанын ескере отырып, аграрлық өндірістің қажеттілігі туындап отыр десек артық болмас.

Елімізде аграрлық өндірісті тұрақты түрде дамыту өте күрделі және сан қырлы жұмыс, оның әр түрлі факторлары бар. Оның ішіндегі негізгілері – бұл табиғи, материалдық-техникалық, ғылыми-аграрлық зерттеулердің даму деңгейі және экономикалық, қаржылық, әлеуметтік, ұйымдық - басқару факторларын айтуымызға болады. Мұнда атап отырғандай, аграрлық өндірісті тұрақты дамытуға әлеуметтік факторлардың маңызы зор, оның орны да бар. Бұл фактор экономикамен тікелей байланысты, экономикалық дамуда әлеуметтік мәселелерді екінші деңгейдегі мәселелер деп қарауға болмайды [2].

Дамыған елдерде халықтың әлеуметтік өзгерістері бірінші деңгейде жан-жақты қарастырылады, экономикалық жағы соған байланысты жүргізілгені байқалады. Ал, оған мысал келтірсек, жұмыс орынын таңдау әлеуметтік саланың қалай дамығандағына байланысты, еңбек жағдайларына, материалдық сыйақы деңгейіне, т.б. байланысты анықталады.

Қазіргі нарықтық қатынастар жағдайында ауыл тұрғындарының нақты табысы айтарлықтай төмендеп кеткен, себебі Республикадағы аграрлық сектордағы жалақы экономиканың басқа секторларынан 2-3 есе төмен. Ауыл шаруашылығындағы тұрғындарының жартысына жуығының реформа жылдарында жағдайлары нашарлап кеткені анық соның салдарынан ауылда күнкөріс деңгейі күні бүгінге дейін көтерілмей келеді.

Осыған орай шаруа жағдайы нашар тұратын ел ешқашан бай бола алмайтын деген қағиданы амалсыз еске түсіруге тура келеді. Осыған байланысты мемлекеттің ауылдағы әлеуметтік саланы жандандыруға қазіргі кезде жетерлік ресурсы жоқ. Жергілікті органдарда да оған деген қаражат жетіспейді. Демек ауылды дамытудың басқа мүмкіндіктерін іздестіру керек. Ол – осы қарастырып отырған өндірісті дамыту мәселелері деуге болады.

Ауыл шаруашылығы өндірісін тұрақты дамыту факторларының бірі – техникалық құрал – жабдықтар мен ауыл шаруашылығы өнімдерінің баға теңсіздігін реттеу, сондай-ақ АӨК – індегі құрылымдық буындарды интеграциялау. Өнеркәсіптік өндіріс ауыл шаруашылығының дамуын біршама ынталандыра алады. Бірақ, ауыл шаруашылығы салаларалық, аумақтық және ұдайы өндірістік байланыстар жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде, бірқалыпты экономикалық серпінмен дамуды талап етеді (азық-түлікті сыртқа шығару бағытында). Осындай жағдайда ғана

ауыл шаруашылығы әр түрлі салаларға «бөліне дамиды», өзінің ұйымдық-экономикалық құрылымын сақтай отырып, сол салалардан өзіне серпіліс алады [3].

Ауыл шаруашылығы құрылымдарының күнделікті қызметінде бәсекелестік қабілетінің индикаторы өте үлкен маңызға ие. Ол экономикалық немесе қаржылық мөлшердің дамуының сандық көрсеткіші, жалпы экономикалық саясат жүргізуде және бәсеке саласында оның нәтижесін бағалауда ерекше маңызы бар, сондай-ақ бәсекенің даму үрдісін көрсетеді.

Өндірістің бәсекеге қабілеттілігі көбінесе бағалық көрсеткішпен анықталады, яғни шеттен әкелу бағасының (баж салығын қоса) ішкі бағасына қатынасы арқылы. Мұнда отандық өнімнің бәсекеге қабілеттік индексіне белгілі бір аймақта мамандандырылған өндірістің орналасуы және оның шоғырлануы тікелей әсер ететінін есте сақтау керек. Мұнда ауыл шаруашылығы шикізаттарын өндіруде, сатуда және қайта өңдеуде қаражат үнемдейді.

Осы қажеттілікті оңтайлы үйлестіру белгілі бір дәрежеде жекеленген ауыл шаруашылығы өнімдері түрлерінің ұлттық нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

1.М. Портер Конкуренция. – М.: Вильямс, 2000.–495 с.

2.Дусаева Е.М. Управление конкурентоспособностью аграрной продукции// Экономика сельскохозяйственных и перерабатывающих предприятий. – 2007.-№7. – с. 7-8

3.Нурманов А.А. Конкурентоспособность сельскохозяйственной продукции и продовольствия в Казахстане (опыт и проблемы) ЖенПИ. «Вестник». 2006.- № 4. - С. 18-19

В статье рассматриваются проблемы повышения конкурентоспособности агропромышленных предприятий и устойчивого развития производства.

In article look at problems of have a turn of concreteness agricultural companies and development of organizations.

ӘӘЖ 630.6:65

ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНДІРІСІН ОҢТАЙЛЫ БАСҚАРУ ФОРМАЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІН ӘЗІРЛЕУДІҢ ЖҮЙЕЛІК ТӘСІЛІ

Абаева Қ.Т.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

Кез келген ұйымдастырушылық-өндірістік құрылымды зерттеудің және оны басқарудың неғұрлым жалпы тәсілін жүйелік талдау және жүйелік басқару әдістері береді.

Жүйелік тәсіл орман шаруашылығы мекемелерінің, олардың жұмыс істеп жатқан ортасының жағдайы туралы ақпаратты талдауда, орман шаруашылығы мекемелері қызметінің моделін құруда, модельдеуде және модельдеу нәтижелерінің негізінде басқарушылық шешімдер әзірлеуде, сондай-ақ орман шаруашылығы мекемелерінің қабылданған шешімдер негізінде жұмыс істеуі кезінде қолданылады.

Жүйелік тәсілдің мәнісі мынада: орман шаруашылығы мекемесі белгілі бір құрылымы бар және фирма турасында сыртқы орта болып табылатын макроэкономикалық кеңістіктің элементі ретінде қаралады. Сондай-ақ орман шаруашылығы мекемесінің өзінің ішкі құрылымы күрделі. Бұл құрылымның элементтері орман шаруашылығы мекемесінің ішкі ортасын түзеді. Орман шаруашылығы мекемесі мен сыртқы орта бір-бірімен ақпараттық, материалдық, ақша және басқа ағымдармен алмаса отырып, үнемі өзара белсенді іс-әрекетте болады.

Сонымен, орман шаруашылығы мекемелерінің қызметін талдау кезінде ішкі және сыртқа орта екеуі тығыз жиынтықта, өзара қарым-қатынаста, өзара іс-әрекеттесуінде және өзара тәуелділікте қарастырылады.

Орман шаруашылығы мекемелерінің сыртқы және ішкі ортасы. Сыртқы орта көптеген күрделі әрі алуан түрлі факторлармен сипатталады және оған сатып алушылар өздерінің фирма тауарларының сатылуын анықтайтын демографиялық мінездемелерімен бірге; бәсекелестер; делдалдар (көлік мекемелері, сатушы орман шаруашылығы мекемелері, сауда агенттері); орман шаруашылығы мекемелерінің нарықта табысты іс-әрекет етуіне мүдделі болған әріптестер; қаржы мекемелері (банктер, сақтандыру компаниялары); жарнамалық агенттіктер; кеден және өзге де